

егемен

Азатстан

Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Шыңғыс АЙМАТОВ,  
«Боранды бекет».

#### КЕРУЕН СҮРЛЕУІМЕН

ГАЗЕТТИҢ САРҒАЙҒАН БЕТТЕРІ. Бейне бір уақыттың көзі, тарихтың өзі. Парақтаған сайын жанарыңа қилы-қилы суреттерді елестетіп, түрлі-түрлі ойға шомдырады. Әсіресе, жиырмамыншы жылдардың соңы мен отызыншы жылдардың басында «Еңбекші қазақ» жарияланған сан алуан материалдардан өндіріс ошақтары географиясының да алуандығын жазбай аңғарасың. Индустрияландыру жылдарының тарихи шежіресін өзінше толтыруға ұмтылған газет тілшілері Түркіб темір жолы құрылысында, Қарағанды мен Екібастұз көмір бассейндерінде, Спасск алтын кенішінде, Ембі мұнайшылары мен Шымкент қорғасын өндірушілері арасында болып, ірі кәсіпорындардың тіршілік-тынысынан үздіксіз хабарлар беріп тұрған.

Осындай үлкенді-кішілі мақалалардың маңызды да негізгі шоғыры Түркістан — Сібір темір жолын салушыларға арналыпты. Сол материалдардың арасынан бірінші бесжылдықтың ең ғаламат құрылысы саналған болашақ болат жолдың бойынан түсірілген фотосуреттерді де көресіз. Тарих куәсіндей сарғыш тартқан суреттердің көбі біріне бірі ұқсас. Сөйтсе-дағы тесіліп қарай бергің келеді. Бәрінде кескінделген бейнелер: тең-тең жүк артқан ұбақшұбақ түйелер керуені, таспадай тартылған жолдың сұлбасы, ерсілі-қарсылы топырақ тасыған қол арбалар... Нағыз ерлікке пара-пар қауырт та, қайнаған еңбек... Керуен сүрлеуімен жарыса салынған шойын жолдың осылайша күн санап емес-ау, сағат санап ұзара түскенін байқайсың...

Құла түзді шарлап, тасты тіліп, тауды тесіп түскен Түркібтің әрбір шақырымы, әрбір метрі ұзын сонар бөлек-бөлек әңгіме. Сондықтан да алғашқы бесжылдықтың қазақстандық тұңғыш «перзентінің» өмірбаянына қатысты тарихи деректер мен мәңгі ұмытылмас сәттердің кейбірін ғана бүгінгі оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн санадық:

**БК(Б)П Орталық Комитеті 1926 жылғы 25 ноябрьде Сібір мен Орта Азияны Қазақстан арқылы байланыстыратын Түркіб (1927 жылдың 18 майына дейін Жетісу темір жолы деп аталды) темір жол магистралін салу жұмыстарын тездету жөнінде шешім жасады...**

Теріскей мен күнгедей қосып жататын Түркібтің құрылысы екі жақтан бірдей жүргізілді. 1927 жылдың 15 июлі. Бұл күні Семей қаласынан алғашқы рельстерді төсеу басталды.

Ал осы жылдың 2 ноябрі күні оңтүстіктегі Луговой станциясында тұңғыш рельс төселді.

РСФСР Совнаркомы жанынан Түркіб құрылысына жәрдемдесу комитеті құрылып, оның председателі болып Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Тұрар Рысқұлов бекітілді.

1930 жылдың көктемінде дүние жүзі еліміздің ұлы құрылысының аяқталып қалғанын естіді. Елу гра-

дустық аптапты ыстық пен 40 градус-тық қақаған аз ертеңіне сенімді адамдардың еңсесін түсіріп, жігерін жасыта алмады. Керісінше, құрыш қолды жандар бүкіл еліміз тағатсыздана күткен күнді жақындата түскен. 28 апрельде Айнабұлақ станциясында Оңтүстік және Солтүстік бөлімшелерінің болат жолдары түйісіп, Түркібтің ең соңғы күміс шегесі салтанатпен қағылды. Сөйтіп, Түркібті салу жоспарлы мерзімінен бір жыл бұрын 3 жыл 9 айдың ішінде аяқталды.

Мінеки, Түркіб тарихынан тіл қатар газеттің әр жылдардағы сарғайған беттері осылайша сөйлейді. Байқасақ әр цифрдың, әр деректің,

шамалы. Бірден жер қазушы болып орналастым. Несін жасырайын, қарағым. Көбіміз әуел баста тіршіліксіз қу медиен сары далаға жан бітеді деп сене қоймадық. Сөйтсек бекер екен. Адамнан құдіретті ештеңе жоқ-ау, сірә! Бәрін де өз көзіммен көрдім. Құм суырған қара дауыл... Тәуліктен тәулікке ұласқан ақ түтек боран... Таңдай жібітер бір қасық суға зарыққан сәттер... Әсіресе, Аяғөзден бергі шөлейтті Балқаш өңірінде жол төсеу аса қиынға түсті. Шыңырау құдықтардың суы тұзды болғандықтан, ауыз суды сонау елу шақырым жердегі Лепсі өзенінен тасыдық емес пе?! Қайсыбірін айта берерсің.

Жар жағалай салынған тұрғын үйлер мен жұмысшы жатақханаларының едендері шіріп, терезе жақтауларының қиюы әбден кеткен. Ешқандай күрделі жөндеу жүргізілмеген көп үйлер шөгін қалған. Жолаушылар аялдайтын вокзал үйі де мүлдем ескірген, қызмет көрсету жүйесі бүгінгі талапқа сай емес. Осы уақыт ішінде жаңадан әлеуметтік-тұрмыстық объектілер тұрғызылмаған. Мектеп те, балабақша да қолайсыз үйлерге орналасқан. Түркіб тарихының өшпес белгісі болған станция тұн болса түнеріп, күндіз мүлгіп тұрады. Ал ерсілі-қарсылы ағылған поездар дамылсыз жүйткіп жатады.

тер цехтары жұмыс істейтін болады. Соңғы жылдары осы заманғы архитектурамен тұрғызылған ғимараттар, жаңа тұрғын үйлер комплекстері астанамыздың ажарын танымастай өзгертіп жіберді. Сөйтсе де Алматы—1 темір жол ауданының қазіргі келбеті көп көңілінен шықпайтынын жасыруға болмайды. Сондықтан да біз «Түркібтік Алматыдан осы заманғы Алматыға дейін» деп аталатын үлкен программа жасап отырмыз.

Иә, Алматы темір жолының ертеңі бүгінгіден де жарқын. Бүкіл темір жол бойына үлкен өзгерістер мен жаңалықтар әкелетін қыруар істер күтіп тұр. Ең өзектісі Шу—Алматы—Сарыөзек учаскесінің аралығын электрлендіру, сөйтіп, республика астанасына 1995 жылы алғашқы электровоз келмек.

Тағы бір ерекше айтар жай—Алматы темір жолы болашақта өзінің желісін бұрынғыдан да ұлғайтып, халықаралық магистраль статусына ие болады. Ақтағай—«Дружба» — Үрімші аралығына болат жол төселеді. Совет-қытай темір жолы пайдалануға берілгенде Европа мен Шығыстың арасына кең жол ашылады. Келер жылдың октябрінде «Трансазия» магистралі бойымен жүк таситын тұңғыш поездар ұзақ сапарға шығады. Ал 1992 жылы Алматы — Үрімші бағытында алғашқы жолаушылар поезы қатынай бастайды.

Орайлы сәтте көңілдегі кейбір ойларды да ортаға салған жөн секілді. Алдағы жылдық көктемінде Түркібтің түйіскеніне алпыс жыл толады. Сондықтан да Алматы темір жолы бойындағы өлді мекендер мен бекеттердің бұрынғы көне аттарын қалпына келтіру жағын қолға алған жөн. Өйткені, бүгінде үлкен ынтамен қайта жаңғыртылып жатқан Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі темір жол бойымен өтеді емес пе. Түркібтің жүзеге асуына тікелей араласып, алып құрылысқа жетекшілік жасағандардың бірі — революцияның қызыл жемесі Тұрар Рысқұлов. Ол ең алғашқы рельс төселгенде Луговой станциясында арнайы сөз сөйлеген. Ал ол «Еңбекші қазақ» газетінде 1928 жылғы 21 февраль күні жарияланған мақаласында былай деп жазған: «Түркістан — Сібір темір жолы Орта Азияның, Сібірдің, Қазақстанның шаруашылығын арттыру, болашағын гүлдендіру мақсатымен салынбақ».

ВЦИК пен РСФСР Совнаркомы Түркіб темір жолының ашылуына байланысты 1930-шы жылғы 1 майда қабылданған қаулысында осы құрылыста қажырлылық көрсеткен бір топ еңбекшілердің жоғары үкімет наградаларына ие болғанын айтса, осы қаулының екінші пунктінде «Отметить значительную работу, проделанную комитетом содействия по строительству Турсибя при правительстве РСФСР под руководством заместителя председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР Рысқұлова» деп атап көрсетілген. Демек, Тұрар Рысқұлов есімі қазіргі Луговой станциясына берген орындары дегіміз келеді.

...Ғасыр күретамыры атанған Түркіб темір жолының республикамыздың қуатын арттырудағы орны бөлек екені аян.

Жанат ЕЛШІБЕКОВ.

## • КҮРЕТАМЫР •

### Түркібтің кешегісі, бүгінгі және ертеңі туралы үзік штрихтар

ШЕТИНЕН БҮ ШЕТИНЕ ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын ұлан-байтақ республикамыздың қазіргі картасына бір сәт үңіліп көріңізші. Ең алдымен көзге шалынатыны — өскен, өркендеген өлкеміздің төсін қан тамырындай торлаған болат магистральдар. Иә, революцияға дейін қазақ даласының әр пұшпағында шағыншағын тар табанды тұйық жолдар ғана бар болатын. Бүгінде, міне, тек ат тұяғының дубіріне қанық тұған

даламыз алып тепловоздар мен электровоздардың дүрсілімен бірге тыныстағандай. Республикамыздың экономикалық қуаты мен жүрегіне айналған темір жол торабының жалпы ұзындығы жиырма мың километрден асады. Соның ең басты күретамыры Түркіб темір жол торабы саналса керек. Ендігі сабақтар әңгімеміз де осы алғашқы бесжылдықтың тұңғышы төңірегінде өрбімек.

тіпті, әр сөздің астарында өзіндік сыр бар-ау!

#### АҒЫЗ БЕН АҚИҚАТ

ОСЫДАН БІРНЕШЕ ЖЫЛҒЫ бұрынғы оқиға еріксіз еске түседі. Мамырдың маусымға ұласар мамыражай күндерінің бірі-тін. Жол апшысын қуырған «Икарус» жүйткіп-ақ келеді. Арқарлының бірде мың буралып өрге өрмелеген, өнді бірде құлдилап төмен тартқан таспа жолы артта қалған. Автобустың әлгіндегі ыңыранғаны сезілмейсі. Күн тас төбеге ілінгенімен әдеттегідей тымырсық емес. Әлде ертеңгісіңі нәсерден кейінгі қоңыр салқын болар. Жол бойы тұнған қақа суы — ойдым-ойдым.

— Айнабұлаққа да тақадық, — деді бағанадан үн-түнсіз жанарын терезеден аудармаған жанымдағы бейтаныс жолаушы. — Жаңбырдан соңғы таудың келбетін қараңызшы. Неткен әсем! Тура Қастеевтің картинасы ғой!

Еңгезердей денесін маған бұрған ақсақалды жыға танымай далмын. Бұған дейін қайда кездестіргенімді де ойыма түсіре алсамшы. Әйтеуір, жылы ұшыраған жүзі жақсы таныс.

— Әдемі, — дедім көкейімдегіні сездірмегенсіп. — Аға, суретші емессіз бе, осы?

— Жо-о-қ, қарағым. Мына қолымды, мына саусақтарымды көрші өзің. — Ол жымған күйі күркетей алақанын көрсеткен. — Қылқаламды қалай ұстасын. Күрек пен қайла ғой біздікі. Қарапайым теміржолшымын. Мына Түркібтің салған ағаларыңның бірімін.

— Оу, Жұмағали ағай емессіз бе? Күн ұзаққа есіме түсіре алмай отыр едім.

— Иә. Аты-жөнім Жұмағали Омаров. Шойын жолға жиырма жетінші жылы келдім. Ауылда жүрген балаң кезіміз. Сауатым да

Өзіміз салған темір жолмен Жарма станциясына ең алғашқы паровоз келгендегі қуанышты тілмен жеткізе алмаймын. Төңіректегі қазақ ауылдарынан ағылған үлкен-кішінің аузындағы сөз: «От арбаны көрелік!» Ал Айнабұлақта екі жақтан шойын жол қосылғанда қуанғаннан жылдамық қой...

Ұрымтал тұста ойымдағы сауалымды ірікпедім:

— Түркібтің түйіскенін өз көзіңізбен көрдіңіз бе?

— Ол күнді, отызыншы жылдың 28 апрелін неге ұмытпайсың? Осы Айнабұлақтағы мерекеге жиналған қара-құрым нөпірдің арасында көптеген шетелдік журналистер, дүние жүзінің әр түкпірінен келген мамандар да жүрді. Қай-қайсысы да өз көздеріне өздері сенбеген. Бірақ... Ғаламат ұлы құрылысты жүзеге аспас аңызға балаған олар ақиқат алдында еріксіз бастарын иген еді...

Станцияға кіре берісте автобус екпіні тежеген. Көкейіндегі көп әңгіменің бәрін бірдей айтып үлгермеген ол бізбен қоштасқан. Менің білетінім бүкіл ғұмыры Түркібке арнаған Жұмағали аға қарапайым құрылысшыдан бастап аға инженерлікке дейінгі үлкен өмір жолынан өткен. Бұл жолы ол тарихи мекенде өтетін Түркіб ардагерлерінің басқосуына қатыспақшы...

Биік төбенің басынан тау аңғарында көсіліп жатқан Айнабұлақ станциясы құдды алақандағыдай шалынады. Өне, түтіні будақтаған поезд керуені кетіп барады. Тура осы мезет көз алдыма әлгінде ардагер аға айтқан аңыз бен ақиқаттың куәсіндей болған Ә. Қастеевтің «Түркіб түйіскенде» атты атақты картинасы көлбеңдей берген.

#### ТҮРКІБ ҚАЙТА ТҮЛЕЙ МЕ!

Жоғарыда әңгімелеген Айнабұлақтың бүгінгі бейнесі көңіл тойғызбайды. Осыдан алпыс жыл бұрын ірге көтерген станцияның үйлері өте жұпыны.

Жалғыз Айнабұлақ емес, темір-жолшылардың осындай азып-тозған мекендерін бүгін Түркіб бойынан көптеп кездестіресіз. Көңілге қаяу түсірер көріністердің мән-жайын, алдағы уақытта атқарылар істің барысын білу үшін Ленин орденді Алматы темір жолы басқармасының бастығы Н. Қ. Есенғарин жолдасқа жолыққан едік. Ол өз әңгімесін былайша сабақтаған:

— Аты аңызға айналған Түркіб қазір Алматы темір жолы деп аталады. Оның жол көлемі де бұрынғыдан бірнеше есе көп. Кешегісіз бүгінгімізді, ал бүгінгісіз ертеңімізді көз алдымызға елестету мүмкін емес қой. «Социалистік Қазақстан» республика темір жолының бүгінгі хал-күйі жайында дер кезінде дабыл қағып отыр. «Ел бар деп елер ме екен бізді біреу» деген мақалаға орай Түркібтің бүгінгі бейнесін, алдағы келелі проблемаларын қозғаған сын мақала бізді де қатты алаңдатқанын айта кеткен жөн. Әрине, осыдан алпыс жыл бұрын бой көтерген темір жол вокзалдары, жол бойына техникалық-тұрмыстық қызмет көрсететін сан алуан мекемелер, ең ақыры, темір-жолшылар тұрып жатқан үйлер мен жатақханалардың көбі қазіргі үрдісімізге жауап бере алмайды. Оны жасырмау керек.

Сондықтан да біз болашақ қыруар жұмысымызды Түркіб бойын қайта түлетуге арнамақпыз. Қазірдің өзінде Үштөбе, Матай, Лепсі, Сарыөзек, Көксу станцияларындағы вокзал алаңдарын тұтастай электрлендіру жүйесі қолға алынды. Бұлардың бәрінде тауу уақыт ішінде жаңа вокзал үйлері бой көтереді. Айнабұлақ станциясына да арнайы көңіл бөлінген. Сонымен бірге кішігірім разьездерде жаңадан тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттарының бөлімдері, балалар бақшалары, жұмысшы асханалары пайдалануға беріледі. Матай станциясында лимонад және конди-